

## Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2014 жылғы 04 қарашадағы № 216 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 қарашада № 3559 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 қазандағы № 244 шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 24.10.2018 № 244 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**PҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

**Ескерту.** Тақырыбы жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 30.01.2015 № 233 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағы 15) тармақшасына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 97-бабына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 2314 қаулыларына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бүйрығына сәйкес, Ұлан аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

**Ескерту.** Кіріспе жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 09.06.2016 № 24 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қоса берілген тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ұлан аудандық маслихат  
хатшысы

Н. Тилеужан

Н. Сейсембина

Ұлан аудандық мәслихатының  
2014 жылғы 04 қарашадағы  
№ 216 шешімімен бекітілген

## **Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы Қағида**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 30.01.2015 № 233 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы Қағидасы "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 2314 қаулыларына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бүйрүғына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1 - тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 09.06.2016 № 24 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қағидада мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аз қамтылған отбасылар (азаматтар) – Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар;

2) коммуналдық қызметтер - тұрғын үйде (тұрғын ғимаратта) көрсетіletіn және сумен жабдықтауды, кәрізді, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқысты әкету мен лифт қызметін көрсетуді қамтитын қызметтер;

3) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар – үй жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы журналар арқылы кондоминиум объектісінің

ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ аспаптарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және салыстырып тексеруге, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге, сондай-ақ кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін болашақта жүргізілетін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға арналған шығыстарының міндettі сомасы;

4) отбасының (азаматтың) жиынтық табысы - тұрғын үй көмегін тағайындауға етініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы (азамат) кірістерінің жалпы сомасы;

5) уәкілетті орган - жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыратын, тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын Ұлан аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі;

6) шекті жол берілетін шығыстар үлесі - телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу акысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматтың) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы.

3. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарына;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

## 2. Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі

4. "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметін Ұлан аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі көрсетеді.

5. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат, не сенімхат бойынша оның өкілі) тоқсан сайын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамына немесе "электрондық үкіметтің [www.gov.kz](http://www.gov.kz) веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы өтініш береді және "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бұйрығымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметі стандартының 9-тармағына сәйкес құжаттар тізбесін ұсынады.

**Ескерту. 5 - тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 09.06.2016 № 24 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**

6. Тұрғын үй көмегі тоқсандағы құжат өткізген уақытына қарамастан тоқсан сайын көрсетіледі және тоқсанға тағайындалады. Алғаш өтініш жасаған кезде тұрғын үй көмегі, қажетті құжаттар тізбесімен қоса өтініш берген айдан бастап тағайындалады.

## 7. Тұрғын үй көмегі :

1) жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын үйі (үйі, пәтері) бар немесе тұрғын үй-жайларын жалға берген;

2) құрамында жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және жұмыспен қамту мәселелері бойынша үәкілетті органда тіркелмеген тұлғалары бар, келесі тұлғаларды қоспағанда:

бірінші және екінші топтағы мүгедектерді, 18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларды, сексен жастан асқан тұлғаларды күтетін тұлғаларды, үш жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен айналысатын аналарды, мүгедектік тобы жоқ, бірақ фтизиатрда, наркологта және онкологта диспансерлік есепте тұрған тұлғалар;

3) құрамында занды некеде тұрған, бірақ жоқ жұбайының тұрғылықты жерін білмейтін (көрсетпейтін) және осы мәселе бойынша құқық қорғау органдарына өтініш жасамаған тұлғалары бар;

4) егер ата-аналары ажырасқан және өздерімен бірге тұратын балаларына алимент өндіру туралы талап бермеген отбасыларға көрсетілмейді.

8. Құрамында зейнеткерлер, мүгедектер, мүгедек балалар, жетімдер, қамқорлықтағылар, төрт және одан да көп кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар отбасыларды қолдау мақсатында тұрғын үй көмегін есептегендегі кіріс Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен уақыттың сәйкес кезеңіне белгіленген екі айлық есептік көрсеткішке түзетіледі (кемітіледі).

9. Уәкілетті органның шешімі тұрғын үй көмегін тағайындаудың негізі болып та б ы л а д ы .

10. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 жұмыс күні ішінде уәкілетті органға өз тұрғын үйінің меншік нысанының, отбасы құрамының, оның жиынтық табысы мен мәртебесінің кез-келген өзгерістері туралы хабардар етеді.

11. Тұрғын үй көмегінің негіzsіз алынған соммалар алушымен ерікті тұрде, ал бас тартқан жағдайда заңнамамен белгіленген тәртіpte қайтарылуға жатады.

### **3. Тұрғын үй көмегінің мөлшері, тұрғын үйді ұсташа және коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері**

12. Тұрғын үй көмегі отбасының (азаматтардың) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұсташа, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге нормалар шегінде ақы төлеу шығындарының сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілетті органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде ай қындалады .

13. Шекті жол берілетін шығыстар деңгейі отбасының (азаматтың) жиынтық табыстарына 10 пайзы мөлшерінде белгіленеді.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 26.06.2015 № 262 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

14. Тұрғын үй көмегін есептеу кезінде келесі нормалар есепке алынады:

1) тұрғын жайдың жалпы алаңы: жалғыз өзі тұратын азаматтар үшін - 35 шаршы метр, екі адамнан тұратын отбасы үшін - 36 шаршы метр, үш адамнан тұратын отбасы үшін - 54 шаршы метр, төрт немесе одан да көп адамнан тұратын отбасы үшін - әр отбасы мүшесіне 18 шаршы метрден, бірақ 90 шаршы метрден аспау керек;

2) бір айда электр қуатын тұтыну нормасы: жалғыз өзі тұратын азаматтар үшін - 90 киловатт, екі адамнан тұратын отбасы үшін (әрқайсысына) - 85 кВт киловатт, үш адамнан тұратын отбасы үшін (әрқайсысына) - 75 киловатт, төрт және одан көп адамнан тұратын отбасы үшін - әрқайсысына 50 киловаттан, бірақ 250 киловаттан аспау керек.

3) айына бір адамға газдың шығын нормасы - 7,6 кг.

15. Тұрғынжайдың жалпы алаңының 1 шаршы метріне көмірдің шығыны – 129,8 килограмм, бірақ бір үйге 5000 килограммнан артық емес.

16. Сумен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, қоқысты әкету, лифт қызметі және телекоммуникациялық қызметтер үшін шығындар қызмет көрсетушілердің тарифтерімен ескеріледі.

17. Тас көмірдің құнын есептеу үшін Шығыс Қазақстан облыстық статистика басқармасы ұсынған аудан бойынша тұрғын үй көмегі есептеле тін тоқсанның алдындағы тоқсандадағы тас көмірдің орташа бағасы алынады.

18. Иелері өздері жылыштатын тұрғын үйде (ғимаратта) отынның тас көмірден басқа түрлері қолданылса, тұрғын үй көмегін есептеген кезде олардың құны мен шығын нормасы тас өмірдің құнына балама есептеледі.

#### **4. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу тәртібі**

19. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысы "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы құрылымынан тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 05 желтоқсандадағы № 471 бұйрығына сәйкес (2012 жылғы 06 ақпандағы № 7412 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген) есептеледі.

#### **5. Тұрғын үй көмегін төлеу**

20. Тұрғын үй көмегін төлеу екінші деңгейдегі банктер арқылы алушылардың дербес шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

#### **6. Қорытынды ережелер**

21. Осы Қағидалармен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.